

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 146-149.

**ӘОЖ: 811.512.1'373.2**

## **XX-XXI ҒҒ. АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПРЕЦЕДЕНТТІ ФЕНОМЕН**

*Кеңес А., Құрманғалиева Н., 1 курс студенттері  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Соңғы кезде Қазақстан тіл білімінің ономастика саласында прецеденттік есім мәселесі көбірек қарастырылуда. Тіл де, мәдениет те белгі жүйесі болып табылады, белгі жүйесі ретінде олар мұндетті түрде байланыста болады. Бұл байланыс адамның рухани қызметінде көрініс табады, яғни ойында, сезімінде, тілегінде прецедентті есімдер (мәтін) орын алуы мүмкін. Ақпараттық аспект (мәдениетте), белгі аспектiсi (тілде) жеткізіледі. Тіл өз белгілерін – қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, прецедентті есім (мәтін) т.б. пайдаланып, адамның мәдени аясындағы рухани тәжірибесін жинақтайды және сол таным-ұғымын ұрпаққа жеткізеді, сол арқылы ұрпақ жалғастығы сақталады.

Прецеденттік есім, прецеденттік мәтін бойынша зерттеулер жүргізген Ресей ғалымдарынан Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, В.Г. Костомаров, И.В. Захаренко, Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Ю.Е. Прохоров т. б. ғалымдарды атауға болады.

Қазақстан ғалымдарынан прецеденттік мәтін, прецеденттік есім мәселесіне арнайы зерттеулер жүргізбегенімен Т.Жанұзақов, Т.Қоңыров, Е.Керімбаев сынды ғалымдарымыз бейонимдену үрдісіне қатысты мәселе бойынша тұспалдаған. Бұл мәселе бойынша шығарма кейіпкерлеріне қатысты Қарабай, Асан қайғы, Итбай, Мырқымбай т.б. есімдері алынған. Олар бастапқы жеке тұлғаны атау қызметінен басқа жаңа мағынаға ие болады, сонымен бірге бұл есімдер жағымды/жағымсыз мәнге ие болады деп көрсеткен. Сонымен бірге ғалым әмбебап Дон Кихот, Дон-Жуан есімдерін талдап, бұл ЖЕ бейонимдену үрдісіне антономасия немесе прономинация терминдерін қолданған. Толық антономасия құбылысы «Айдабол ас ішкенде пайда бол», «Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген» деген мақалдардағы ЖЕ анық болатынын айтқан [1].

Г.Б. Мәдиева «Имя собственное в контексте познания» атты кітабында прецеденттік есім мәселесін толығымен қарастырып, «көркем мәтінде, жалпы сөйленісте өзге тіл өкілі прецеденттік жалқы есімдерді игермей қабылдауы мүмкін емес, сондықтан да прецеденттік жалқы есімдер ұлттық когнитивті базаның өзегін құрайды деп толық сеніммен айта аламыз», - дейді [2].

«Когнитивтік талдау прецедентті есімдер мағынасын анықтауда маңызды» [3], сонымен бірге оқиғалар желісіндегі таңданған контенттің метноимиялық әсірелеуін анықтауда да қажетті, яғни прецеденттік феноменнің қыр-сырын ашуда маңызды.

Біз жинаған материалдар бойынша көрнекті ақын-жазушыларымыз да прецеденттік есімдерді өз шығармаларында мейлінше қолданған. Оларды семантикалық тұрғыдан таптастырып көрелік.

*Кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім:*

Әділ хан аз болады Назардайын, Алашқа *Есім* ханның жолы дайын.  
*Тәукедей* данышпан хан құрған екен Басында Күлтөбенің құрылтайын [4].

Қалың елді бауырына ап қылыштың, Ауыр қолы өткен мұнда  
*Шыңғыстың. Ақсақ Темір* айқайын да естіген, Көпті көрген қариясы  
*Шығыстың* [5].

Аздан соң мінді атына *батыр Баян* Сыйысып бір жаратқан *алласына*.  
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп, Шандатып *Абылайдың* ордасына [4].

Тұрмыс, маған от шашыш, Бар дүниені лау қылшы!  
Түйдектеп үйіп қайғыңды, *Абылай* аспас тау қылшы [6].

*Қазақ халқының мәдени және қоғамның дамуында ерекше орын алған алатын тұлғалар:*

*Абай*, Мұхтар бастаған елге әйгілі Ұлы көштің соңынан ергендігін [7].

Талай жылдар өтсе де, талай заман, Қалам тартар қазақта ақын туса,  
Аруағына *Абайдың* қарайлаған. *Абай* болу, әрине, оңай емес, Ақын болмай  
қалсаң ғой... Қалай жаман [8].

Беремін *Жамбыл* ата, ыстық сәлем, Біледі даңқыңды күллі әлем.  
Сағындым сақ-сақ күлген күлкіңізді, Елің мен күтіп отыр інің Кенен [9].

Жұпарына туған елдің белеп бір, Ел көзіне түсті ғажап ерек гүл. Тойға  
келді, қоңырауы даланың, *Ыбырай аға*, — инспектор, директор [10].

*Жамбыл* жыры аспаныңда жаңғырып, Әуеніне кетті әлемді таң қылып.  
*Алатаудың* ақ шыңдары *Күләшша Күләш* әнін қайталайды мәңгілік [11].

*Адамзаттың когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецедентті есімдер:*

Жүрдек ғасыр ұмытқан-ау ұятты. *Данте, Пушкин, Шекспирмен,*  
*Гетемен* Оның тіпті жұмысы жоқ сияқты.

Қанша дарын өресі тар пенделікке күйттелді. Кім дарынсыз дей алады  
*Шыңғысхан* мен *Гитлерді* [7].

Түсінер ең, Езбін бе әлде ермін бе, Байқар едің, Артықпын ба, кеммін  
бе?.. Мен *Спартак* бола алмадым, не шара, Сенің өзің *Цезарь* болып көрдің  
бе [8].

Аласұрып *Бетховен* отты желдей, Ән нәсерін сапырып текті селдей.  
Симфония даусымен дауылдайын, Қасарысқан тағдырды етті жердей [5].

*Әмбебап конфессионалды прецеденттік есімдер (Құдай, Алла, Мария):*

Бәрі рас айтқанының Ақ *Алламның*, Құм менен топырақтан жаралған-  
мын. *Құдайдың* құлымын мен - мұсылманмын, Денемде түйірі жоқ арам қан-  
ның [8]. (М.Мақатаев)

Я, Алла, қанағат бер әр ісіме, Канат бер елден алған дәрісіме. Мұрсат бер құлақ түріп үйренейін, Мәніне әр нәрсенің мәнісіне [10].

Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,  
Алласыз ешбір іске бастамаймыз [12].

О, тәңір-ай, осы ма еді, осы ма еді көрмегі, Қайран досы көз алдында үнсіз жатты өлгелі, Тықыршумен ернін тістеп кезе берді ол бөлмені [7].

Қаза қылып бастан-ақ Бес уақыт парызды, Бұл азаптан құтқар деп, Құдайға айтып арызды, Жас күнінде бұл Жәкең, Тентек болған тәрізді [9].

Тек қана мұсылман қауымына тән фреквентальді конфессионалды прецеденттік есімдер (Мекке, Медине, Мұхаммед, Пайғамбар т.б.):

Мекенім Ніл дария - Мекке менің, Келеді мәңгілікке мекендегім. Дариға-ай, Зұлпыһарды ерттеп мініп, Көрмеген мекеніме кетер ме едім?! Семсерін Фазіретәлі ескек жасап. Жерорта теңізінен өтер ме едім [8].

Нақты ұлтқа, соның ішінде қазақ халқына қатысты ұлттық конфессионалды прецеденттік есімдер әулие кісі есімдері мен әулие жерлерге байланысты (Айша бибі, Арыстанбаб т.б.):

«Отырарда отыз бап, Түркістанда түмен бап, Самарқанда сансыз бап», Бет алып көшіп барады [9].

Таза ұлттық прецедентті есімдер:

Шық бермейтін Шығайбай, Мінезі саған келіпті. Айналада ағайын, Сенен беже жеріпті. Арғы атаң Қарынбай, Сарандықтан өліпті [10].

«Қазықұрттың басында,  
Кеме қалған» дейді жұрт.

Арман қылып жасымда,  
Көрсем деуші ем Қазықұрт [13].

Мен соттаймын! Жалмауыз «жез тырнақты»

Көрден шыққан кебінсіз жынды «әруақты»

Мен соттаймын, қан құйлы фашистерді

Үкімімен сүйсінте адамзатты.

Есің кетсе, естіге кіріптарсың, Ең бастысын ұмытқансың,— деп Шыңғысхан ызбарлана тіл қатты, Әр сөзінде атан түйе қайысардай зіл жатты [7].

Ғашықтық символдары болған түркі, соның ішінде қазақ халқының прецедентті есімдері:

Содан бастап Мәжнүннің өзі болдым, Айта жүрер дүние сөзі болдым. Қыз Жібегім сен болдың, Баяным да Төлеген боп түрлендім, Қозы болдым [10].

Тас үңгірде тұрды олар аз-ақ күн, Тартты бәрін қорлық пенен азаптың. Қыр үстінде Еңлік - Кебек қоштасты, Ромео - Джульеттасы қазақтың [5].

Бүкіл адам іздегенмен бақыт жолын, бақ жолын, Ешкім оңай таба алмайды Абайы мен Тоғжанын. Ал мен таптым Тоғжан сынды пәк жанды,- деді ол масаң діріл қосып сөзіне, — Өзің Абай болмаған соң Мазалама Тоғжанды,— деді сіңлің жас үйіріп көзіне... [7].

Шығарма ішіндегі прецедентті есімдер қазақ халқының когнитивтік кеңістігін көрсетеді. Үркер, Темірқазық космонимдері, Алатау, Қаратау, Қазықұрт оронимдері қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады. Ақын-

дар шығармаларында *Қарт Алатау, пайғамбар Алатау* деп беріп, елдің тауға деген құрметін көрсете білген. *Қаратау* – жоңғар шапқыншылығы кезінде туған «Елім-ай» өлеңінің бірінші жолы: *Қаратаудың басынан көш келеді...* арқылы халқы тарихында қалған қайғылы кезеңнен хабардар етсе, *Қаратау халық панасы* ретінде суреттеледі. Уақыт өте келе, халық жағдайы өзгеріп, жауға дес бермейтін жағдайға жеткенін ақын: *Басынан Қаратаудың көш келмейді, Қаратау* енді ешкімге дес бермейді. Мөлтілдеп қара көзден жас келмейді, Қара көз қарындасым сескенбейді. Қаратау енді ешкімге дес бермейді [8] өлең жолдарымен жеткізген. Мұнда ол мәтінді трансформациялап қолданып тұр. Мәтіннің өзегін құрап тұрған бірлік – *Қаратау* оронимі. Сонымен бірге қазақ халқының мәдениетінде қалыптасқан өз *Қарабайлары* бар, яғни *Шығайбай* антропонимі – сарандық белгісі.

Жалпы адамзат үшін әмбебап саналатын ғашықтық символы – *Ромео мен Джульетта*, түркі халықтарына ортақ *Қозы Көрпеш – Баян сұлу*, қазақ халқының төл ғашықтық символдарына айналған образдар – *Еңлік - Кебек, Қыз Жібек пен Төлеген және Абай мен Тоғжан* қазақ халқының когнитивтік кеңістігін кеңейтіп, ақындардың аялық білімін көрсетіп тұр.

Біз әр халықтың құндылықтары өзгеріп, дамып отырады десек, әр кезең мен дәуірде сол халықтың өзіндік әлемнің ономастикалық бейнесі түзіледі деп толық сеніммен айтуымызға болады, алайда ол бейне уақыт өте келе мүлдем құрымайды, қайта өзгеріп, толығып отырады.

Сонымен кеңістік пен кезең қатысында ЖЕ (прецедентті есім) лингвомәдени социумның әлемнің ономастикалық бейнесін анықтауымызға әбден болады.

*Ғылыми жетекшісі Иманбердиева С.Қ.  
филология ғылымдарының докторы*

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Жанұзақов, Т. (1971). *Қазақ есімдерінің тарихы*. Алматы: Ғылым, 218
- 2 Мадиева, Г.Б. (2004). *Имя собственное в контексте познания*. Алматы: Қазақ университеті, 190.
- 3 Golubkova, E., Zakharova, A. (2016). Meaning-making processes in derivatives from precedent names // *Lege artis. Language yesterday, today, tomorrow. The Journal of University of SS Cyril and Methodius in Trnava*, I (2), 37-79.
- 4 Жұмабаев, М. (2002). *Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар*. Алматы: Атамұра, 256.
- 5 Мәуленов, С. (2002). *Таңдамалы шығармалары*. Алматы.
- 6 Торайғыров, С. (2002). *Алаш ұраны*. Алматы.
- 7 Шаханов, М. (1988). *Ғасырларды безбендеу*. Алматы: Жазушы.
- 8 Мақатаев, М. (1998). *Мұқағали шығармалары*. Алматы: Жазушы. 2, 360.
- 9 Әзірбаев, К. (1984). *Екі томдық таңдамалы шығармалар*. А.: Жазушы, 1, 360.

- 10 Молдағалиев, Т. (2003). *Шақырады көктем. Өлеңдер.* Алматы: Атамұра, 256.
- 11 Айбергенов, Т. (2004). *Мен саған гашық едім. Өлеңдер.* Алматы: Жазушы, 152.
- 12 Тоқмағанбетов, А. (1962). *Шығармалар. 2 томдық.* Алматы: Көркем баспа, 292.
- 13 Аманжолов, Қ. (1955). *Шығармаларының толық жинағы. 3 томдық.* Алматы: Көркем әдебиет баспасы. 1, 560.